

Маңғыстау – тарихи орындарға бай өлке



М а њ ғ ы с т а у

Бекет ата мешіті

Ең атақты ескерткіштердің бірі – Бекет ата мешіті – тауда ойып жасалған. Бекет ата мұсылман елінде көріпкел және әулие ретінде танымал. Ол адамдарды емдеген, өзіне келген әлсіздер мен жәбірленушілерге денсаулық пен күш сыйлаған. Дауларда екі жақты ортақ келісімге әкелердей даналық айтқан. Өз уағыздарында Бекет ата шыншыл болуды және жақсылық жасауға насихат еткен. Бекет ата қорымы тек қана Маңғыстаудың емес, сонымен қатар Қазақстанның да рухани, тарихи және архитектуралық ескерткіші болып табылады.





Сұлтан епе (үпі)

«Сұлтан епе жерасты мешіті, қорымы және сайы» Түпқараған ауданы, Таушық ауылынан 30 км солтүстік-батыс бағытта, Сарытас шығанағына таяу, сай жиегінде орналасқан.



Шақпақ ата

Ең көп таралған аңыздардың бірі - Шақпақ ата есімімен және жартасты мешіттерге байланысты. «Бірде Шақпақ ата бір ауыл жанынан өтіп бара жатып, күйеуі әйелін ұрып жатқанына еріксіз куәгер болады. Шақпақ ата сорлы әйелдің сөзін сөйлеп, құтқарып алады. Алғыс орнына әйел Шақпақ атаға еріп жүреді. Олар тоқтаған тіршіліксіз жерде жер астынан қайнар бұлақ көздері ашылып, жауын жауа бастаған екен». Содан бері адамдар сол жерге өз қайғы-қасіретіне ем табу үшін үмітіне ат артып келеді екен. Бұл киелі жерде болмаған және уақыт пен шексіздік белгісі бар тастарды өз қолымен ұстауды армандамаған жан жоқ десеңде болады.





Шерқала

Маңғыстау облысының төсінде орналасқан тау түзілісі. Ақтау қаласынан 170 шақырым жердегі Шетпе кентіне жақын орналасқан. Шерқала Сырттай қараған адам оны әр нәрсеге ұқсатып жүр. Кейбіреулер төңкерулі кесеге ұқсатса, енді біреулер таудан кәдімгі киіз үйдің бейнесін көреді.

Тамшылы – Түпқараған ауданында орналасқан табиғи су көзі. Форт-Шевченко қаласынан солтүстікке қарай 35 км-дей жерде. Тамшалы – кәдімгі киіз үйге ұқсас дөңгелек кеуек үңгір. Айырмасы тек шаңырағы, уығының иінінен жоғарғы жағы жоқ. Кереге басы дерлік деңгейден кей жерінде тас қабырға шып-шып терлеп, кей жерлерінде себезгілеп, мұздай әрі мөлдір тамшы бүркіп тұрады.





Маңғыстау таулары



Маңғыстау түбегінің құрлықаралық көш-керуен қозғалыстарына, әлемдік қан айналым процестеріне ілігу мезгілі ерте замандарға саяды. Өйткені бір жағында – Орта Азия, Шығыс Түркістан, Қытай, Үнді, Иран өркениеттері мен Азиядағы үндіеуропалық мәдениетінің ежелгі орталығы Тарим бассейні, екінші жағынан ежелгі грек мемлекеттері заманынан ірі сауда орталықтары саналатын Қара теңіз, Кавказ және Еділ бойы мемлекеттерінің арасындағы ұрымтал тұста жатқан Маңғыстау мен ежелгі Үстірт дүниенің экономикалық қан айналысынан тысқары қала алмады.



Манғыстаудың тарихи орындары мен ескеркіштері

1. Форт-Шевченко қала- Түпқараған ауданының орталығы. Орта ғасырларда осы жерде Кетік қалашығы орналасқан. 1846 жылы штабс-капитан М.И.Иваниннің басшылығымен Ново-Петровск бекінісі бой көтерді. 1857 жылдан бастап Форт-Александровск, Кеңес өкіметінің алғашқы жылдары Форт-Урицкий, 1939 жылдан бастап қазіргі атымен аталады.

2. Қызылтас- 1834 жылғы Маңғыстау жеріндегі алғашқы әскери бекініс. Белгілі ғалым, саяхатшы Г.С. Карелиннің басшылығымен осы жерде Ново-Александровскі форты салынды. Артынан Каспий теңізінің кейін қайтуына байланысты бекініс Түпқараған түбегіне көшірілді. Қазіргі уақытта ол жерде бекіністің құланды орындары сақталған.

3. Тынымбай шоқы- Шопан Ата әулиесінен күн шығысқа қарай жүргенде 20 шақырымдай жердегі биік шоқы. Таудың тегіс жарлы қабатына көптеген таңбалар ойылып жазылған. Әлі толық зерттелмеген.

4. Қараған-Босаға- 1853 жылы Хиуалық басқыншылар Маңғыстау жеріне күтпеген жерден шабуыл жасап, мал мен адамдарды тұтқын қылып айдап кетеді. Осы жерде Балуанияз батыр бастаған Адайлар тойтарыс беріп, тұтқындарды құтқарып алады. Сонымен қатар осы жерде Мырзағали Тынымбаев бастаған көтерілісшілер 1931 жылы қызылдардың жазалаушы 68-ші дивизионымен соғысады. Көтеріліс басшысы М. Тынымбаев осы жерде қаза табады.

5. Сисем Ата- қорым, Маңғыстаудағы қасиетті орын. Мұнда Адай тайпасының белгілі тұлғалары тіней Есекмерген , құнанорыс Лабақ, кенже Қонай, есен Сейіт, бәйімбет Әнет, Төлеп, жары Сүйінқара, жаңай Қожаназар (Ә.Кекілбаевтың атасы) жерленген. Қорымның тарихы тым ертеден басталады. Адайларды осы өңірге алғаш орналастырушы жолбасшылардың батырлардың, билердің бейіттері осы қорымда.

6. Ақүйік қорымы- Шетпе маңында орналасқан. Бұл ескерткіш Арал мен Атырау өңірінде кездесетін барлық сәулет мұраларының озық үлгісіне жатады. Мазардың ішінде Тәжі сұлу жерленген. Ескерткішті тоқтамыс Өмірбай Қаражүсіпұлы мен қырымқұл Өмір Қараұлы салған. 19 ғасырдың туындысы.

7. Жау жол- Жыңғылды аулынан күнбатысқа қарата жүргенде 15 шақырымдай жердегі таудағы асу. 18 ғасырдың 80 жылдары Хиуа басқыншыларына Қожагелді батыр бастаған Адайлардың тойтарыс берген жері.

8. Қызылқала- Орта ғасырлардағы керуен жолы бойындағы қала орны. Археологиялық қазба жұмыстары бір неше рет жүргізілді, болашақта жалғасын табады.

9. Отпан тау- Тарихи-мәдени кешен. Адай Ата рухына ақын Сабыр Адайдың бастамасымен салынған ескерткіш. Бұл жерде ерте кезде ел басына күн туғанда Адайлардың бас қосатын жері болған.

10. Ерсарының қайрағы - тарихи ескерткіш. 14-15 ғ.ғ. туындысы. Аңыз-деректерде осы жерде күрделі мәселелерді шешу үшін Маңғыстаудағы ру басшылары бас қосатын болған.





Маңғыстау түбегі - Каспий теңізінің солтүстік-шығысында орналасқан.







**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!!!**

Орындаған: Рахметолла
Әсел